Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"KAP Logistics" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші тауарларды Шартта (бұдан әрі - Тауар) көрсетілген бағалар, параметрлер және басқа да шарттар бойынша Тапсырыс берушінің меншігіне жеткізуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда Тауарды осы Шарттың талаптарымен қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Сатып алынатын Тауардың атауы, саны, техникалық сипаттамалары, жеткізу мерзімі мен орны және жеткізуге байланысты өзге де талаптар осы Шартқа №1 және №2 қосымшаларға сәйкес айқындалады.

1.3. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай мағынада пайдаланылады:

1.3.1. Қабылдау-тапсыру актісі – Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған аралық қабылдау-тапсыру актісі немесе қағаз түріндегі қабылдау-тапсыру актісі, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша осы Шарттың №5 қосымшасына сәйкес жасалған, сондай-ақ Веб-портал арқылы ұсынылатын электрондық қабылдау-тапсыру актісі;

1.3.2. Веб-портал - Электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі (ЭСААЖ 2.0);

1.3.3. Кемшіліктер – осы Шарт талаптарын бұзу арқылы жеткізілген Тауар немесе оның бір бөлігі, соның ішінде ақаулар, бүлінулер, сәйкессіздіктер және т.б.;

1.3.4. Шарттың жалпы сомасы – Жеткізушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық әрі тиісті түрде орындағаны үшін төленуге тиіс сома;

1.3.5. Тауар (лар) – Шартқа №2 Қосымшада көрсетілген техникалық сипаттамаларға сәйкес келетін, олардың толық тізбесі осы Шарттың талаптарына сәйкес Жеткізуші Тапсырыс берушіге беретін, Шартқа №1 қосымшада айқындалған тауарлар;

1.3.6. Тауар өндіруші – өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган қалыптастыратын қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген әлеуетті жеткізуші (жеткізуші).

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.4. Осы Шарттың №1 Қосымшасында көзделген мөлшерде аванстық төлем (алдын ала төлем) Шарт Тараптары қол қойған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей және Жеткізуші төлем шотын ұсынғаннан кейін төленеді (бұл тармақ Сатып алу тәртібінің 61-бабының 9-тармағына сәйкес келетін Жеткізушімен Шарт жасалған жағдайда қолданылады), өзге жағдайларда алдын ала төлем қарастырылмайды.

2.4.1. Жеткізуші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан немесе алдын ала төлемге шот ұсынбаған жағдайда төлем осы Шарттың 2.5-тармағына сәйкес жүргізіледі.

2.4.2. ЭШФ АЖ арқылы берілген электрондық шот-фактура (esf.gov.kz) Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес тауардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шығу тегінің дұрыс белгісін міндетті түрде толтыра отырып (гр.2, G

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

бөлімі) және СЭҚ ТН тиісті коды (гр.4, G бөлімі), айналым жасалған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде.

2.5. Жеткізілген Тауарлар үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу, Тараптар Тауарды жеткізу актісіне (бұдан әрі – Қабылдау-тапсыру актісі) қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей (ал Сатып алу тәртібінің 61-бабының 12-тармағына сәйкес келетін Жеткізушімен Шарт жасалған жағдайда – 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей) жүзеге асырылады, егер төмендегі құжаттар ұсынылған болса:

2.5.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.5.2. ЭШФ АЖ арқылы берілген электрондық шот-фактуралар (esf.gov.kz) Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес тауардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шығу тегінің дұрыс белгісін міндетті түрде толтыра отырып (гр.2, G бөлімі) және СЭҚ ТН тиісті коды (гр.4, G бөлімі), айналым жасалған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде;

2.5.3. Тауарға (тауарларға)/тауарлардың тиісті партиясына және/немесе тауарларға ілеспе жүккұжатқа (электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы ұсынылатын СНТ ресімдеу бойынша міндеттемелер болған жағдайда) қорларды босатуға арналған жүккұжат (3-2-нысан) (esf.gov.kz);

2.5.4. Ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-тапсыру актісі (ДА-1 нысан, ҚР ҚМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №562 бұйрығына 16-қосымша) немесе Тауарларды жеткізген жағдайда активтерді қабылдау туралы Акт (А-1 нысаны, ҚР ҚМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығына 11-қосымша);

2.5.5. Веб-порталда ресімделген және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған тауарды қабылдау-беру актісі.

2.6. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Тауарларды Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Акт (актілер) Ұлттық тауарлар каталогынан тауардың жеке кодын (kztin) қарастыруы қажет. Ілеспе жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп шарт бойынша тиісті жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындағаннан кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу шарт сомасының 20%-нан аспауы тиіс.

2.7. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

2.8. Шарт бойынша барлық міндеттемелер толық орындалған соң және Тапсырыс берушінің Тауар саны мен сапасына ешқандай шағымы болмаған жағдайда, Жеткізуші 5 (бес) жұмыс күні ішінде өзара есеп айырысу Актісін түпнұсқада Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті. Тапсырыс беруші, егер бастапқы құжаттар дұрыс ресімделген және Тауар саны мен сапасына шағым болмаса, ұсынылған өзара есеп айырысу актісіне 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюы тиіс.

2.9. №1 қосымшада көрсетілген Тауар бірлігінің бағасы осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде өсуге жатпайды (Сатып алу тәртібінің 65-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда).

2.10. Салықтар мен өзге де міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес келесі тәртіпте төленеді:

2.10.1. Жеткізуші осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты есептелген барлық және кез келген салықтарды төлеуге толық жауапты болады. Жеткізуші Тапсырыс берушіні тиісті талаптардың негізінде Қазақстан Республикасының кез келген мемлекеттік органы, оның ішінде салық қызметі осы Шарт бойынша Жеткізушіге жүргізген немесе алған кез келген төлемге байланысты есептелуі және оған салуы мүмкін барлық талап етілетін салықтарды немесе алымдарды (өсімпұлдар мен айыппұлдарды қоса алғанда) төлегені үшін кез келген шағымдар мен жауапкершіліктен босатады және қорғайды.

2.10.2. Тапсырыс беруші мемлекеттік органдардан осындай талап алғаннан кейін Жеткізушіге төлеуге тиісті сомадан салықтарды төлеу бойынша кез келген соманы ұстап қалады. Жеткізушіге кез келген ведомствода Тапсырыс берушіге көрсетілген қаражатты ұстап қалу туралы талаптың заңдылығына дау айтуға мүмкіндік беру үшін Тапсырыс беруші Жеткізушіні кез келген осындай талап туралы алдын ала хабардар етеді. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органына ұсталған сома мөлшерінде жүргізген төлем Жеткізуші төлемді бастапқыда Жеткізуші жүзеге асырғандай Жеткізушінің атынан жүргізілген төлем болып есептеледі және Тапсырыс беруші Жеткізушінің алдында осылай ұсталған сома бойынша одан әрі жауапты болмайды. Тапсырыс беруші сондай-ақ Өнім беруге барлық осындай төлемдердің құжатталған куәліктерін ұсынады.

2.10.3. Жеткізуші салық есептілігін дұрыс толтырмауына байланысты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер комитетіне қарсы тексерулер нәтижелерімен және/немесе сұрау салулармен расталмаған қосымша алымдар туындаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге ҚҚС және КТС сомасын қайтаруға міндетті.

2.10.4. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімдері, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде осы Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

(төлемеу) не растамау фактілерін анықтаса, соның салдарынан Тапсырыс берушіге есептелгенге дейін салықтар салынатын болса, онда Жеткізуші Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін 10 (он) күн ішінде ҚҚС және КТС барлық сомасын Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық басқа есептелген салықтар өтеледі. Осы тармақта көзделген шарт Жеткізушінің өзімен тікелей өзара қарым-қатынастармен шектелмейді, сонымен қатар қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулар расталмаған жағдайларға әкелген және Тапсырыс берушіге мемлекеттік органдар ұсынған салықтар мен қаржылық санкциялар есептелгенге дейін Жеткізушінің басқа орындаушыларымен, Жеткізушілерімен және мердігерлерімен өзара қарым-қатынастарға да қолданылады.

2.11. Осы Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Тапсырыс беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған және Тараптар Келісім актісіне қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Жеткізушіге қайтарады.

3. Жеткізу мерзімдері мен талаптары

3.1. Жеткізуші Тауарды өз күшімен және өз есебінен Инкотермс 2020 ережелеріне сәйкес DDP – Тапсырыс берушінің қоймасына дейін жеткізуге міндетті, қойманың мекенжайы Шарттың №1 Қосымшасында көрсетіледі. Егер №2 Қосымшада жеткізу Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша жүзеге асырылатыны көзделсе, Тауар Тапсырыс берушінің жазбаша өтінімінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі.

3.2. Тауарды жеткізу мерзімі Шарттың №1 Қосымшасында айқындалады. Егер №2 қосымшада Тапсырыс берушінің жазбаша өтінімімен жеткізу мерзімі көрсетілсе, онда жеткізу сол өтінімде белгіленген мерзімде жүзеге асырылады. Бұл ретте, Тапсырыс беруші өзінің жазбаша өтінімінсіз жеткізілген Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы, және мұндай жеткізіліммен байланысты барлық тәуекелдер Жеткізушінің жауапкершілігінде болады.

3.3. Осы Шартқа қол қоя отырып, Тараптар мынаны келіседі: Тапсырыс берушінің Тауарға өтінім беруі – бұл оның құқығы болып табылады. Бұл ретте, Тапсырыс беруші Шарттың №1 қосымшасында көзделген Тауардың толық көлеміне өтінім бермегені үшін ешқандай қаржылық немесе құқықтық жауапкершілік көтермейді. Жеткізуші Тапсырыс берушіден Тауардың толық немесе жартылай көлеміне өтінім беруін және/немесе өтінім берілмеген Тауар үшін төлемді талап етуге құқылы емес.

3.4. Тапсырыс берушінің Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне және қорларды Тарапқа босатуға арналған жүккұжатқа қол қойған күн, қайсысы кеш келетініне байланысты, Тауарды жеткізу күні болып есептеледі. Бұл ретте Тараптар Веб-порталда қабылдау-тапсыру актісіне қол қою кезінде үшінші тұлғаға қорларды шығаруға қоса берілген шот-фактураға сәйкес осы қабылдау-тапсыру актісі күнін «нақты жеткізу күні» ретінде көрсетуге келісті.

3.5. Тауарды Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шартқа №1 Қосымшаға сәйкес айқындалған сан мен сапада қабылдау-беру актісі және қорларды Тарапқа жіберуге арналған жүккұжат негізінде береді.

3.6. Тауардың атауы және оның бастапқы құжаттарда көрсетілген сипаттамалары (Тарапқа қорларды босатуға арналған жүккұжат, қабылдау-тапсыру актісі және т.б.) Шартқа №1 және №2 Қосымшаларда көрсетілген Тауар атауына қатаң сәйкес келуі тиіс.

3.7. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ Тауардың кездейсоқ жойылу, бүліну қаупі Шарттың 3.4.-тармағында айқындалған жеткізу күнінен бастап Жеткізушіден Тапсырыс берушіге ауысады.

3.8. Жеткізушінің Тауарды жеткізушімен байланысты шығыстары Шарттың жалпы сомасына енгізілген.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Өнім беруші:

4.1.1. Тауарды Шарттың талаптарына сәйкес жеткізуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта белгіленген мерзімде және талаптарда жеткізілетін Тауарға құжаттарды, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) арналған Шартта елішілік құндылықтың үлесін есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Түпкілікті қабылдау-тапсыру актісімен бірге беріледі;

4.1.2.2. Шартта көзделген өзге де құжаттар, талаптар.

4.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға; Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін Тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде ұсынуға;

4.1.5. Сатып алынатын тауардың тауар өндірушісімен шарт жасалған жағдайда өнім беруші өз өндірісінің тауарын жеткізуге міндетті. Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған, сатып алынған тауарды қабылдау – беруді растайтын тиісті актіге, қазақстандық тауар

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмені тараптар қол қойған күнге дейін өнім берушінің осы міндеттемені орындауын растау болып табылады;

4.1.6. Тәртіптің 43-баптың 7-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 3% мөлшерінде банк кепілдігі немесе Төлем тапсырмасы, түрінде енгізу, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін толық және тиісінше орындаған жағдайда. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші биржақты тәртіппен сатып алу туралы Шартты орындаудан бас тартады. Егер сатып алу ашық тендер тәсілімен жүргізілсе, онда Тапсырыс беруші тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы Шартты орындаудан биржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Жеткізуші осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт биржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Жеткізуші Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы Шартты орындаудан биржақты тәртіппен бас тартады;

4.1.7. №1 және №2 Қосымшаларда көрсетілген техникалық сипаттамаларға, атауына, сапасына, санына және жинақтылығына сәйкес келетін, үшінші тұлғалардың құқықтарынан босатылған, заңнама талаптарына сай сертификатталған және сапа/сәйкестік сертификаттары, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылар сияқты барлық қажетті құжаттары бар Тауарды жеткізу;

4.1.8. ЭШФ ресімдеу кезінде Шарттың 4.1.7-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттарға сәйкес Тауардың шығу белгісін (ЭШФ 2-бағаны) және Тауардың шығу көзін (ЭШФ 15-бағаны) көрсету қажет. Жоғарыда көрсетілген ақпарат болмаған жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды қабылдаудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады;

4.1.9. Тапсырыс берушінің талабы және оның таңдауы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді (ақауларды) өз есебінен жою, Тапсырыс берушінің Тауар кемшіліктерін жоюға жұмсаған шығыстарын өтеу немесе Тапсырыс берушінің шағымын алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тауарды ауыстыруды жүзеге асыру;

4.1.10. Тауарды/тауар партиясын жеткізу кезінде Тапсырыс берушінің аумағында белгіленген өткізу және санитарлық-эпидемиологиялық режимдерді сақтау;

4.1.11. «KAP Logistics» ЖШС этика және комплаенс кодексінің талаптарын орындау және оны өз қызметкерлеріне де қамтамасыз ету (осы Шартқа №7 Қосымша);

4.1.12. Ақпараттық қауіпсіздік, еңбекті қорғау, өндірістік, ядролық, радиациялық, электр қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бойынша заңнама мен Тапсырыс берушінің ішкі актілерін бұзу нәтижесінде туындаған оқиғалар үшін толық жауапкершілікте болу.

4.1.13. Ақпараттық және өндірістік қауіпсіздік, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық және ядролық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, тасымалдау процесінің қауіпсіздігі және ақпараттық қауіпсіздік, өндірістік қауіпсіздік және Тапсырыс беруші қызметкерлерінің еңбегі мен денсаулығын қорғау жөніндегі ішкі құжаттар саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтау;

4.1.14. Шартқа №1 Қосымшада көрсетілген Тапсырыс берушінің қоймасына дейін тасымалдау кезінде оның бүлінуіне немесе бұзылуына жол бермейтін Тауар қаптамасын қамтамасыз ету. Қаптама қандай да бір шектеусіз, қарқынды көтеру-тасымалдау өңдеуіне және тасымалдау кезінде, сондай-ақ ашық сақтау кезінде экстремалды температураның, тұз бен жауын-шашынның әсеріне төтеп беруі тиіс;

4.1.15. Тауардың тасымалдау кезінде бүтіндігі мен сақталуын қамтамасыз ету;

4.1.16. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге (info@kapl.kazatomprom.kz электрондық пошта мекенжайына, ал Тапсырыс берушінің филиалдарымен Шарт жасасқан жағдайда осы Шарттың 18-бөлімінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайларына) осы Шартқа № 4 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша контрагенттің толтырылған сауалнамасын, сондай-ақ егер Жеткізуші Шарт жасасу сәтінде ҚҚС төлеуші болып табылса, ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәліктің электрондық көшірмесін ұсыну;

4.1.17. Шарт жасасқан күннен бастап қолданылу мерзімі аяқталғанға дейінгі кезеңде ҚҚС бойынша тіркеу және тіркеу есебінен шығару кезінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге растайтын құжаттар қоса бере отырып, тиісті хабарламаны жіберуге, оны алғаннан кейін Тараптар қажет болған жағдайда Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге құқылы;

4.1.18. Егер Жеткізуші нақты жеткізген тауарлардың құны осы Шарт бойынша Тапсырыс беруші төлеген алдын ала төлем мөлшеріне жетпеген жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс беруші талап пен шотты қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге осы Шарттың 19-бөлімінде көрсетілген шотқа нақты жеткізілген құн арасындағы айырма болып табылатын ақша сомасын аударуға міндетті, Тауарды жеткізуші және Тапсырыс беруші бұрын төленген алдын ала төлем ретінде аударған ақша сомасы (алдын ала төлем көзделген жағдайда қолданылады). Сондай-ақ, егер Жеткізуші жеткізген тауардың жалпы көлемі осы Шарттың 2.1.-тармағында көрсетілген осы Шарттың жалпы сомасына жетпесе, онда Жеткізуші Тапсырыс берушіден Тауардың қалған көлемін сатып алуды және тиісінше осы Шарт бойынша қалған соманы төлеуді талап етуге құқылы емес (тауар Тапсырыс берушінің

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жазбаша өтінімдері бойынша тиісті партиялармен жеткізілген жағдайда қолданылады);

4.1.19. Тауарды жеткізуді жүзеге асыру кезінде Өнім берушінің және оның бірлесіп орындаушылары қызметкерлерінің Тапсырыс беруші аумағында енгізілген өткізу және объектішілік режимдерді, сондай-ақ Тапсырыс берушінің аумағында белгіленген ішкі тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелерін сақтауын қамтамасыз ету. Атап айтқанда, Тапсырыс берушінің аумағына есірткі құралдарын, алкоголь өнімдерін, тез тұтанатын және улы заттарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, кез келген тыйым салынған заттарды әкелуге және тасымалдауға тыйым салынады.

4.1.20. Автокөлікті, өздігінен жүретін машиналарды сатып алуды жүргізу кезінде көлік құралының электрондық паспортын ұсыну және автокөліктің берілген көлік құралының үлгісін мақұлдаудың, шасси үлгісін мақұлдаудың, көлік құралы конструкциясының қауіпсіздігі туралы куәліктердің және Кеден одағының "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы"техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжаттың күшін жою туралы тіркелген хабарламалардың бірыңғай тізіліміне уақтылы енгізілуін қамтамасыз ету;

4.1.21. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде немесе қолданылатын салық салу режимі өзгерген жағдайда Тапсырыс берушіге (электрондық мекенжайға) ұсынылсын info@kapl.kazatomprom.kz, ал Тапсырыс берушінің филиалдарымен осы Шарттың 18-бөлімінде көрсетілген электрондық мекенжайларға шарт жасасқан жағдайда) қолданылатын салық салу режимі туралы ақпарат (Анықтама).

4.1.22. Осы Шарттың ережелерінде көзделген және туындайтын және осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындау үшін қажетті өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақтылы қабылдауды және Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Шартты, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша бұзуға;

4.2.4. Тапсырыс берушіден шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап ету.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Өнім беруші жеткізген тауарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Қабылдап алу-тапсыру актісіне Өнім берушіден Қабылдап алу - тапсыру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта көзделген Тауарды тиісті мөлшерде және сапада алуға;

4.4.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы ведомоске сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу және (немесе) шарттан бас тартуға құқылы.

4.4.4. Осы Шарт бойынша Жеткізушіге төленуге жататын сомадан айыппұл, өсім және залалдар сомасын акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға;

4.4.5. Шартта белгіленген жеткізу мерзімі шегінде қабылдау барысында анықталған сандық және сапалық кемшіліктерді жоюды талап етуге немесе сапаға, мөлшерге және өзге сипаттамаларға сәйкес келмейтін Тауарды қабылдаудан бас тартуға;

4.4.6. Келесі жағдайларда Тауарды қабылдаудан бас тартып, залалдардың орнын толтыруды талап етуге:

4.4.6.1. Тауардың атауы, сапасы, саны, қаптамасының көлемі, ассортименті, жинақтылығы және техникалық сипаттамалары Шарт талаптарына сәйкес келмесе;

4.4.6.2. Тауар қаптамасының бүтіндігі бұзылған болса, көзге көрінетін зақымдар мен кемшіліктер анықталса;

4.4.6.3. Жеткізуші Тауарға қатысты осы Шартта көрсетілген құжаттарды тапсырмаса және (немесе) тапсырудан бас тартса.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.4.7. Келесі жағдайларда Шартты орындаудан бас тартуға, айыппұл санкцияларын қолдануға және залалдарды өтеуді талап етуге:

4.4.7.1. Жеткізуші Тауарды Шарттың №1 Қосымшасында көрсетілген мерзімде жеткізбесе;

4.4.7.2. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде қамтамасыз етуді енгізбесе;

4.4.7.3. Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың 4.1.16 тармағында көрсетілген мерзімдерде осы Шартқа No 4 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған контрагент сауалнамасын ұсынбаса;

4.4.7.4. Шарттың 17-бөліміне сәйкес жүргізілген Жеткізушіні комплаенс-тексеру нәтижелері теріс нәтиже берсе;

4.4.7.5. Өнім беруші Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін тауарды жеткізген жоқ.

4.4.8. Ескертулерді жою және тиісінше ресімдеу үшін осы Шарттың 2.5-тармағында көзделген Жеткізуші тиісінше ресімделмеген бастапқы құжаттарды қайтаруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсынған кезден бастап жеткізілген Тауарлар үшін төлем мерзімін есептеуге міндетті;

4.4.9. Осы Шарттың, Тәртіптің және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерінде көзделген және одан туындайтын өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген тауардың техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Жеткізілген тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері тексеру жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Егер Тапсырыс беруші қабылдау барысында Тауар сапасының тиісті емес екенін анықтаса, Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша:

5.3.1. Тауардың кемшіліктерін Тапсырыс берушімен келісілген мерзімде өтеусіз жоюды талап етуге, бұл ретте Тараптар Шартта белгіленген жеткізу мерзімін өзгертуге құқылы емес;

5.3.2. Анықталған кемшіліктерді өз күшімен жоюға және Жеткізушіден сол шығындардың орнын толтыруды талап етуге. Бұл талап жазбаша түрде жіберілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде орындалуы тиіс;

5.3.3. Сапасыз Тауардың орнына Шарт талаптарына сай келетін Тауармен ауыстыруды талап етуге;

5.3.4. Егер Тауардағы кемшіліктерді жою немесе оны ауыстыру мүмкін болмаса, Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

5.4. Жеткізілген Тауар саны жеткіліксіз болған жағдайда, Жеткізуші №1 Қосымшада белгіленген мерзім шегінде жетіспейтін бөлігін жеткізуге міндетті. Бұл ретте, жеткізуге байланысты барлық шығындар Жеткізушінің есебінен жүзеге асырылады.

5.5. Жеткізілген Тауардың саны мен сапасына қатысты, оның ішінде әдеттегі қабылдау тәсілдерімен анықтау мүмкін болмаған жасырын ақаулар бойынша, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шағым ұсынуға құқылы.

5.6. Егер Жеткізуші шағым түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, шағым қабылданған деп есептеледі және Жеткізуші өз есебінен 5 (бес) жұмыс күні ішінде жетіспейтін немесе сапасыз Тауарды жеткізуге және/немесе ауыстыруға міндетті.

5.7. Егер Тапсырыс беруші Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оның саны немесе сапасына қатысты ескертулер жібермесе, Тауар Тапсырыс беруші Тарапынан қабылданған болып есептеледі және осы Шарттың шарттарына сәйкес төлемге жатады.

5.8. Егер Жеткізуші жетіспейтін бөлігін жеткізбесе, сапасыз өнімді ауыстырмаса немесе №1 қосымшада көрсетілген мерзімде Тауарды мүлде жеткізбесе немесе жеткізуден толық не ішінара бас тартса, Тапсырыс беруші Шарттың 9.6-тармағында белгіленген тәртіппен біржақты түрде Шарттан бас тартуға, міндеттемелерді орындау кепілін ұстап қалуға және 7.2.4-тармақта көзделген айыппұлды өндіріп алуға құқылы.

6. Кепілдіктер мен сапа

6.1. Өнім беруші жеткізілетін тауарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін жеткізілетін тауардың сапасына кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген тауардың жеткізілген тауарды қалыпты пайдалану шартымен конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді

6.2. Өнім беруші тауарды өндіруші зауыт белгілеген кепілдік мерзімі ішінде, бірақ тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап кемінде 12 (он екі) ай ішінде тауардың сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Тауарда ақаулар немесе Шарт талаптарына сәйкес келмейтін кемшіліктер анықталса, Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша:

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.3.1. Тауардың кемшіліктерін Жеткізуші Тарапынан өтеусіз жоюды талап етуге;

6.3.2. Кемшіліктерді өз бетінше жойып, Жеткізушіден шығындарын өтеуді талап етуге (жазбаша талап жіберілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде);

6.3.3. Сапасыз Тауарды Шартқа сәйкес келетін сапалы Тауарға ауыстыруды талап етуге құқылы.

6.4. Егер Тапсырыс беруші кепілдік мерзімі аясында Тауарды пайдалана алмаса және бұл жағдай Жеткізушінің кінәсінен туындаса, онда кепілдік мерзімі Тауар ақаулары жойылғанға дейін тоқтатылады. Егер Шарт бойынша Тауар автокөлік немесе арнайы техника болса, Жеткізуші Тапсырыс берушінің жазбаша талабы алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ауыстырылатын автокөлік құралын немесе техниканы (Шартта көрсетілген техникалық сипаттамаларға сәйкес және Тапсырыс берушімен алдын ала келісілген) өтеусіз пайдалануға беруге міндетті.

6.5. Кепілдік мерзімі Жеткізушіге Тауардың кемшіліктері туралы хабарланған жағдайда, онда табылған кемшіліктерге байланысты Тауарды пайдалану мүмкін болмаған уақытқа ұзартылады. Жиынтықтаушы бұйымның кепілдік мерзімі негізгі бұйымның кепілдік мерзіміне тең деп есептеледі және негізгі бұйымның кепілдік мерзімімен бір уақытта жұмыс істей бастайды.

6.6. Осы арқылы Жеткізуші келесілерге кепілдік береді:

6.6.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы Шартты жасау және оны тиісті орындау үшін барлық қажетті құқықтарға, өкілеттіктерге, сертификаттарға және рұқсаттарға ие;

6.6.2. Шарт бойынша жеткізілетін тауар жаңа болып табылады, бұрын пайдаланылмаған, үшінші тұлғалардың құқықтарынан бос, сертификатталған, сондай-ақ барлық қолданылатын мемлекеттік стандарттарға және ТШ сәйкес келеді. Тауарды дайындау мерзімі жеткізу күнінің алдындағы 12 (он екі) айдан аспауға тиіс

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкс Тауарлардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

7.2.2. Егер Жеткізуші Тауарды осы Шартта көрсетілген мерзімде жеткізбесе және/немесе кемшіліктерді жою мерзімін бұзса, Тапсырыс беруші кешіктірілген әрбір күн үшін жеткізілмеген немесе ақаулы Тауар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ жалпы соманың 10%-ынан аспайтын айыппұл талап етуге құқылы;

7.2.3. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының (СЭҚ ТН) коды және тауардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шығу белгісі дұрыс көрсетілмеген жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіден СЭҚ ТН коды дұрыс көрсетілмеген лот сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы. Айыппұл Жеткізуші Тапсырыс берушіден тиісті шот алған сәттен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде төленуі тиіс;

7.2.4. Шартты орындаудан бас тартқан және/немесе тауарды толық көлемде жеткізбеген жағдайда және белгіленген мерзімде, осы Шарттың 13-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда және/немесе өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шартта белгіленген мерзімдерде ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші тендерлік өтінімді ұстап қалудан басқа (ашық тендер тәсілімен өткізілген сатып алу кезінде) және / немесе шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін Өнім берушіге шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл салуға міндетті. Бұл ретте өнім беруші айыппұлды төлеуді Тапсырыс берушіден тиісті шот алған сәттен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде жүргізеді;

7.2.5. Егер Жеткізуші контрагент сауалнамасын белгіленген мерзімде ұсынбаса, Тапсырыс беруші Шарттың жалпы сомасының 5%-ы мөлшерінде айыппұл талап етуге құқылы;

7.2.6. Егер Жеткізуші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді осы Шарттың 4.1-тармағының 4.1.6-тармақшасында белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзады (ашық тендер тәсілімен өткізілген сатып алу кезінде Жеткізуші енгізген өтінімді қамтамасыз ету ұсталады), сондай-ақ Шарттың 7.7. тармағына сәйкес уәкілетті органға Жеткізушінің сенімсіз Жеткізушілер тізбесіне енгізілгені туралы ақпаратты жібереді;

7.2.7. Өнім берушінің қызметкерлері (өкілдері) Тапсырыс берушінің аумағында белгіленген өткізу және объектішілік режимдер ережелерін, ішкі тәртіпті, сондай-ақ қауіпсіздікке қойылатын талаптарды бұзған жағдайда (Тапсырыс берушінің аумағында болудың барлық кезеңі ішінде алкогольдік немесе есірткілік масаң күйде болуға жол берілмейді), Тапсырыс беруші Өнім берушіге және оның бірлесіп орындаушыларына қатысты әрбір тіркелген жағдай үшін Шарттың жалпы сомасының 10%- ы мөлшерінде айыппұл салу құқығын өзіне қалдырады. Бірнеше рет анықталған жағдай үшін Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзу құқығын

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

өзіне қалдырады.

7.2.8. Шарттың 4.1-тармағында көрсетілген міндеттемелер бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарт бойынша тауарды қабылдаудан бас тартуға, ал 4.1-тармақта белгіленгендерді уақтылы ұсынбаған кезде бас тартуға құқылы. құжаттардың нақты берілген күні бойынша мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін тиісті тауар құнының 0,1% мөлшерінде өсімпұл салуға міндетті емес. Егер мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күннен асқан жағдайда, Тапсырыс беруші шарттан толық не бұзушылықпен жеткізілмеген/жеткізілген тауардың құнына сәйкес келетін бөлігінде бас тартуға құқылы болады.

7.3. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.3.1. Егер Тапсырыс беруші Тауар үшін төлемді кешіктірсе, Жеткізуші кешіктірілген әрбір күн үшін қарыз сомасының 0,1%-ы, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде айыппұл талап етуге құқылы;

7.3.2. Егер Тапсырыс беруші кепіл сомасын кеш қайтарса, Жеткізуші кешіктірілген әрбір күн үшін кепіл сомасының 0,1%-ы, бірақ жалпы кепіл сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде айыппұл талап етуге құқылы;

7.3.3. Егер Тапсырыс беруші Тауарды белгіленген мерзімде қабылдамаса, Жеткізуші кешіктірілген әрбір күн үшін тиісті Тауар құнының 0,1%-ы, бірақ сол Тауар құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде айыппұл талап етуге құқылы;

7.3.4. Егер Шарт бойынша Тапсырыс берушінің құжаттарды ұсынуы талап етілсе және бұл орындалмаса, соның салдарынан Жеткізуші өз міндеттемесін орындай алмаса, онда Жеткізуші Тауарды жеткізудегі кешігу үшін жауап бермейді;

7.4. Жеткізуші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі айыппұл (өсім, шығын) сомасын Шарт бойынша төленуге тиіс сомадан ұстап қалуға келісім береді.

7.5. Егер Тараптар осы Шарттың 15-бөлімінің талаптарын бұзған жағдайда, бұзушылық жасаған Тарап екінші Тарапқа құпия ақпаратты жария ету нәтижесінде келтірілген зиянды өтеуге және әрбір осындай бұзу үшін Шарт сомасының 5%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.6. Шарт бойынша жеткізілетін тауарды тауар өндіруші ретінде өнім берушімен шарт жасалған және өнім беруші осы Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілетін тауарға құжаттарды ұсынбаған жағдайда, өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірме, өнім беруші жеткізілген тауарды қабылдауды-беруді растайтын тиісті қабылдау-беру актісіне Тараптар қол қойғанға дейін өнім беруші төлеуі тиіс шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде өз өндірісінің тауарын жеткізу жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапты болады.

7.7. Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгіленген тәртіппен жолдайды.

7.8. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.9. Айыппұл немесе өсім төлеу міндеттемесі жазбаша талап жіберілген күннен бастап туындайды. Егер мұндай талап жіберілмесе бұл міндеттеме туындамайды. Бұл тармақ осы Шарттың 7.2.-тармағының 7.2.1.-тармақшасында көзделген жағдайларға қолданылмайды.

8. Қауіпсіздік және қоршаған орта

8.1. Жеткізуші Тауарды осы Шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына, қауіпсіздік талаптарына және қолданыстағы Тәртіп мен Тапсырыс берушінің стандарттарына, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, «KAP Logistics» ЖШС-нің өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және жол қозғалысы ережелерін сақтау саласындағы мердігер ұйымдарды басқару» Құжатталған рәсімінің ережелеріне қатаң сәйкестікте қауіпсіз жеткізуге жауапты.

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

9.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсыныста өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

9.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 40- бабы 2-тармағында көзделген; 2) Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

